

Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің сыйлықтары туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы 2002 жылғы 7 маусымдағы N 172. Шығыс Қазақстан облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 13 маусымда N 837 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 8 маусымдағы N 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.06.08 N 91 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 28 тамыз 1999 жылғы N 73 Әкімін іске асыру, сонымен қатар аймақтық ақпараттық кеңістікті тиімді дамытуда, дарынды журналистердің және шығармашылық топтардың жұмыстарын ынталандыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының Әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің жыл сайынғы берілетін сыйлықтары туралы Ережесі бекітілсін. (N 1 қ о с ы м ш а) .

2. Ішкі саясат департаменті (Саиров Е.Б.) үстіңгі жылдың 15 маусымына дейін облыс Әкімінің сыйлығына үміткерлердің кандидатураларын қарау және іріктеу бойынша конкурс комиссиясының құрылымы жөнінде ұсыныстарды е н г і з с і н .

3. 2002 жылғы сыйлықты беру ішкі саясат Департаментіне жергілікті деңгейде жастардың аймақтық саясатын өткізуге бөлінген қаражаттар есебінен ж ү р г і з і л с і н .

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс Әкімінің бірінші орынбасары Т.Ж. Абайділдинге жүктелсін.

Ш ы ғы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы н ы ң ә к і м і

Шығыс Қазақстан облысы Әкімдігінің
2002 жылғы 7 маусым N 172 қаулысына
N 1 қосымшасы

Журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін берілетін Шығыс Қазақстан облыс Әкімінің сыйлықтары туралы ЕРЕЖЕ

1. Облыс Әкімінің сыйлықтары аймақтық журналистиканың дамуына, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жариялауға, ішкі саяси тұрақтылық және қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін беріледі.

2. Облыс Әкімінің сыйлықтары жыл сайын Қазақстанның журналистика күнінде тапсырылады.

3. Сыйлықтар 7 номинация бойынша тапсырылады:

- 1) қоғамдық-саяси тақырыптама;
- 2) азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту үшін;
- 3) облыс тарихы мен мәдениеті;
- 4) аймақтың экономикасын дамыту;
- 5) әлеуметтік-экономикалық реформаларды ақпараттандыру үшін;
- 6) жастар және балалар тақырыптары;
- 7) рухани және адамгершілік мәселелерін жариялағаны үшін.

Бір үміткер екі немесе одан көп номинация сыйлығына ұсынылмайды.

4. Сыйлықтан үміткерлер кандидатураларын бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары ұсынады немесе өзін өзі ұсынады. Конкурстық құжаттар (ұсыныстар, өмірбаяны, мінездемелер, шығармашылық материалдары) жыл сайын маусымның 1 дейін ішкі саясат департаментіне тапсырылады.

5. Сыйлықтармен марапаттау шешімі комиссия мәжілісінде оның 2/3 кем емес көпшілік дауысымен қабылданады.

6. Сыйлықтармен марапаттауға ұсынудағы негізгі шарттар:

- 1) ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, қазақстандық патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін;
- 2) облыста жүргізіліп жатқан өзгерістерді;
- 3) жаңашылдық, кәсіби мүмкіндіктерін іске асыру;
- 4) рухани мұраны насихаттау, Шығыс Қазақстанның тарихы мен мәдениетін сақтау және дамыту.

7. Сыйлық үміткерге тек бір рет беріледі. Комиссия мүшелері конкурсқа жіберілмейді.

8. Сыйлықтардың көлемін облыс Әкімі белгілейді.

9. Сыйлықтарды Шығыс Қазақстан облысының Әкімі тапсырады. Сыйлық "Шығыс Қазақстан облысы Әкімі сыйлығының лауреаты" дипломымен қоса беріледі. Марапаттау рәсімін ішкі саясат Департаменті дайындайды.

10. Номинанттардың тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ш Қ О і ш к і с а я с а т
Департаментінің Директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК